

32 Криминологиялық болжау тәсілдері

Криминологиялық болжаудың негізгі тәсілдері

Экстраполяция тәсілі

Модельдеу тәсілі

Сарапшылық бағалау тәсілі

- Экстраполяция тәсілінің мәні болжауға алынған объектінің тарихын зерттеуден және оның бұрынғы және қазіргі уақыттағы даму заңдылықтарын болашаққа қолдануды білдіреді;

- Бұл үшін болжау жүргізілетін уақыт алдындағы белгілі бір кезеңнің динамикалық қатары қалыптастырылады, олар осы өзгерістердің бағытын, сипатын және қарқындылығын сипаттайды;

- Экстраполяциялық болжаудың дәлдігі болжау жүргізілетін уақыт қысқа болған сайын арта түседі. Сондай-ақ, қылмыстылықтың жекелеген түрінің параметрлерінің тұрақтылық дәрежесі де маңыздылыққа ие болады. Латенттілік көрсеткіштерді ескере отырып, статистикалық мәліметтер мен қылмыстылықтың шынайы жай-күйі арасындағы айырмашылықтарды да жүргізу міндетті.

- Осы тәсілдің кемшілігі оның тек жақын болашаққа (1-3 жылға) нақты нәтижелер беруінде. Болжау жүргізілетін уақыт аралығы артқан сайын, бағалаудағы қателіктер де жиілей береді.

Модельдеу тәсілі

Модельдеу - қылмыстылыққа елеулі ықпал ететін факторлар кешенінің өзара байланысын ескере отырып қылмыстылық динамикасын сипаттайтын математикалық формулалар жүйесін қалыптастыру

Қылмыстылықты болжау тәсілі ретінде модельдеу объектінің белгілі бір уақыт ішіндегі қозғалысының заңдылықтарын анықтаудан тұратын **модельді-кибернетикалық экспериментті** қамтиды

Бұл тәсілдің **артықшылығы** болжауға алынатын құбылыстың ұсақ және маңызы жоқ белгілерін есепке алмай, басты назарды зерттеуге алынған объектінің елеулі белгілеріне көңіл аударуға мүмкіндік беруінде

Әлеуметтік үрдістерді зерттеу кезінде модель көп жағдайда **қисынды немесе белгілер** нысанында көрсетіледі.

Сарапшылық бағалау тәсілі



Сарапшылық бағалау еңбек өтілі, біліктілігі, білімі және т.б. белгілеріне қарай арнайы таңдалып алынған ғылыми және тәжірибелік қызметкерлердің қылмыстылықтың немесе оның жекелеген түрлерінің болашақтағы өлшемдері, сондай-ақ оның даму бағыттарына қарқынды ықпал ететін үрдістер мен құбылыстар туралы жинақталған пікірлері, көзқарастары

Бұл тәсілдің басты құндылығын жоғары білікті маманның болжауға алынып отырған құбылыс немесе оқиға туралы ой қозғағанда ресми мәліметтерді қолдануымен қатар, өзінің тәжірибесі мен интуициясына сүйенетінде